

Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі мен Беларусь Республикасы Статистика және талдау министрлігінің арасындағы статистика саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 6 шілдедегі N 741 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі мен Беларусь Республикасы Статистика және талдау министрлігінің арасындағы статистика саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қоюға келісім берілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі мен Беларусь Республикасы Статистика және талдау министрлігінің арасындағы статистика саласындағы ынтымақтастық туралы

Келісім

Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі мен Беларусь Республикасының Статистика және талдау министрлігі (бұдан әрі - Тараптар), статистика саласындағы ынтымақтастықты дамытуға, ақпарат алмасуды кеңейтуге және Тараптар мемлекеттерінің статистика органдарының жұмысындағы өзара іс-қимылды күшейтуге екі жақты мүдделі болғандықтан, мына төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар ынтымақтастықты мынадай нысандарда жүзеге асырады: статистикалық зерттеулердің әдістемелік және арнаулы мәселелері бойынша статистикалық жарияланымдар алмасу;

Тараптар мемлекеттеріндегі әлеуметтік-экономикалық ахуал мен оның дамуы туралы статистикалық басылымдар мен жарияланымдар (мысалы, жылнамалар, жинақтар, бюллетеньдер және хабарламалар) алмасу;

статистикалық деректер банктерінің және жаңа ақпараттық технологияларды енгізудің құрылымы мен менеджментін қоса алғанда компьютерлік техниканы пайдалану жөнінде тәжірибе алмасу;

статистика және қазіргі заманғы ақпараттық қоғам талаптарына статистикалық

әдістердің бейімделуі саласындағы жаңа әдістер туралы ақпарат алмасу;
ұлттық шоттар жүйесін енгізу мәселелері бойынша қолда бар тәжірибемен алмасу;
халықаралық бағдарламалар мен жобаларға қатысу мәселелерінде өзара іс-қимыл жасау.

2-бап

Тараптар қажетіне қарай жұмыс тәжірибесімен алмасады және осы Келісімді орындау барысында туындаған мәселелерді талқылайды.

3-бап

Осы Келісім шеңберіндегі қызметті одан әрі үйлестіруді тереңдету мақсатында қажет болған жағдайларда Тараптар өз өкілдерінен жұмыс тобын құра алады.

4-бап

Осы Келісімнің шеңберінде Тараптар алған ақпарат үшінші тараптарға ақпаратты берген Тараптың жазбаша келісімінсіз берілмейді.

5-бап

Тараптардың өзара келісуі бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар жеке хаттамалармен ресімделеді және осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылады.

6-бап

Осы Келісімнің қағидаларын түсіндіру немесе қолдану жөнінде даулар туындаған жағдайда, Тараптар оларды келіссөздер және консультациялар жолымен шешеді.

7-бап

Осы Келісім оған қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және үш жыл бойы қолданылады. Егер Тараптардың біреуі тиісті мерзім өткенге дейінгі алты ай бұрын басқа Тарапқа оның қолданылуын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарламаса, онда осы Келісімнің қолданылу мерзімі келесі үш жыл мерзімге ұзартылады.

Осы Келісімнің ережелерін түсіну кезінде қайшы пікірлер туындаған жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінеді.

Әрқайсысы қазақ, беларусь және орыс тілдерінде екі түпнұсқалық данада, 2004 жылғы " __ " _____ қол қойылды, барлық мәтіндердің күші бірдей.

*Қазақстан Республикасының
Статистика жөніндегі
агенттігі үшін* *министрлігі үшін*

*Беларусь Республикасының
Статистика және талдау*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК